

«Шерлі жылдар шежіресі»



Осындай атаумен «Дала олекесі тарихы» облыстық музейің ақын, қоғам және дін қайраткері Ф.Сатыбалдыұлының 135 жылдығына арналған есke алу кешін откізді.

Файзолла Сатыбалдыұлы заманынан қанша төперіш көрсө де қазақ халқын сүйюден танбай еткен тексті перзенттерінің бірі. Торғай еңіріне діннің таралуына сінірген еңбегі, ел басымы наубет тутан күлгі кезеңдердегі ел үшін етқарған еңбектері ел жадында.

Күгін - сурғін көріп жазықсыз жапа шеккен ақын азапты жылдарды басынан откөре журіп «Ұзақ жол», «Тасмешін», «Токымбет - Гүлайшім», «Адамзат шежіресі», «Өз өмірім», «Аятби» дастандарын дүниеге акелген.

Кеңестік заманының курмеуінде қалған Файзолла ақынның шығармалары еліміз тауелсіздігін алғаннан кейін жасындаи жарқ етіп, баспа беттерін көре бастады. Жергілікті қаламгерлердің қолдауымен «Токымбет - Гүлайшім», Ай, заман - ай, заман - ай», «Шерлі жылдар, шерулі жылдар» жыр қітаптары жарық көрді. Жақында гана «Коюргім алтын

кембе» атты кітабы басылып шықты. Ақынның мұрасын бүтінгі ұртакқа жеткізу ісінде жергілікті ақын Газез Әмірхамзинің сінірген еңбегі зор.

Ақыннолық адеби мұрасы жайында белгілі жыр сүлейлері Назарбек Бектемісов, Серікбай Оспанов, Айбек Қалиев сынызы зерттеуші ғалымдар қарастырган.

Тәгілымды кешке Сатыбалды ишарының үрпагы Рамазан Зияуденов, Аманжелді ауданынан «Сатыбалды ишар» атындағы «Тауба» мешітінің намамы Жандарбек Мұбәрәкұлы, аудандық мәдениет болімінің басшысы Сагынғали Зекірұлы, кітапхана басшысы Коркем Амантайқызы, ашиқ Айтан Сейдахметов, Арқалық қаласы әкімінің орынбасары Тубекбай Сұбахиров, ел ақсақалдары Қажи Ақан, Еркін Коҗахметов, айтысқер ақын Айбек Қалиев, тарихшы Баубек Аймаханұлы қалалық мәдениет болімінің басшысы Жанат Эскерқызы, театр директоры Нұрлыхек Сапабекұлы және қаладағы оку орындарының басшылары, мәдениет және өнер қызметкерлері, БАҚ екілдері, студент - жастар қыстасы.

Шара барысында ақынның жаңа кітабының тұсауқесері жасалып, шығармалары көнінен насиҳатталды.

«Торғай - ақпарат»